

Тақырып: «Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңызы»

Мақсаты: Студенттерді адамгершілікке тәрбиелеу, жеке тұлғалық қабілетін қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке, өз міндеттеріне және өз басына жауапкершілігін қалыптастыру.

Көрнекіліктер: Нақыл сөздер, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері.

Әдісі: Пікірталас, сұрақ - жауап, әңгімелесу.

Куратор сағатының барысы:

I кезең: Куратор сағатымен таныстыру

II кезең: Студенттердің адамгершілік жайлы түсінігі

III кезең: Саяхатқа шығу ойыны

IV кезең: Адамгершіліктің негізгі қағидаларын білесің бе? (Өз ойын ортаға салу)

V кезең: Пікірсайыс (қорытындылау)

Кіріспе сөз. Адамның адамгершілік, саналылық дәрежесі оның тәртібі мен іс - әрекетін анықтайтыны әлдеқашан дәлелденген.

«Тәрбиесіз адам адамгершілік жағынан надан, дүмше, - деп жазды В. А.

Сухомлинский, - бұл да бір, ақаулы двигательмен ұшырылған самолет те бір, өзі өледі, өзгені де ала кетеді».

Адамгершілікке тәрбиелеу баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке, өз міндеттеріне және өз басына қатынасын қалыптастыруды көздейді.

Адамның бойынан адамгершілік қасиеттер табылса, әрине сымбатты, парасатты көрінеді.

Адамгершілік – адамның асыл қасиеті.

Жүсіп Баласағұн адамгершілік пен инабаттылықтың төрт қасиетін 6600 тармақтан, 72 тараудан тұратын «Құтты білік» дастанында көрсетіп берді.

Шығыстың ұлы ғалымы Әл - Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін» деген екен.

Бүгінгі куратор сағатымызда адамгершілікті сендер қалай түсінесіңдер, әдеп нормаларын білесіңдер ме, өзара пікірлесіп ой бөлісеміз. Ал студенттер, сөз кезегі өздерінде.

Адамгершілік бастауы неде?

1 -студент. Адам тумысынан жамандыққа үйір емес. Ол жылдар өте келе өніп шығады. Жақсылық өнімнің шыққаны немесе оны жамандықтың арам

шөптері басып кеткені сонда ғана белгілі болады. Ізеттілік пен сыпайылық сияқты адамгершілік түрлері отбасынан басталады.

2 - студент. Отбасындағы тәрбиені адам өз өмірінің «Алтын бесігі» мектеп қабырғасында жалғастырып, өмір заңдылықтарын үйренеді. Мектепте, университетте халқымыздың әдептілік, әдемілік, имандылық, қайырымдылық, яғни рухани адамгершілік тағылымдарын – еліміздің дәстүрін ата - ана мен ұстаз тағылымдарын өз білімдерімізбен жалғастырамыз.

3 - студент. Адамгершілік қасиет ең бірінші әр оқушының отбасын сыйлаудан басталады. Әке - шешеге ешқашан дауыс көтеруге, сөз қайтаруға болмайды. Ата - анасын сыйламаған адам басқа біреуді сыйлап жетістірмейді. Ата - ананы ренжітпеу – әр баланың өмір бойғы міндеті.

Адам қандай жоғары лауазымда қызметте жүрсе де ізеттілікті жоғалтпауы тиіс.

Үлкен адамдарға қоғамдық көліктерде орын беру, сұрақтарына дұрыс жауап беру қажет.

Куратор. Адамгершілікке байланысты проблемалық жағдаяттарды шешу үшін саяхатқа шығу ойынын ойнайық. Елімізде үлкен қалалар бар:

Астана, Алматы, Ақтау, Жезқазған, Көкшетау, Ақтөбе, Семей, т. б.

Ал, студенттер, өздеріңе қай қалалар ұнайды? Ұнаған қала аты жазылған кима қағазда сұрақ бар. Соған жауап беру керек.

Сұрақтар:

– Университеттен үйге қарай жүгіріп келе жатқанда, алдыңнан бір үлкен кісі шықты. Сен не істер едің?

– Үлкен кісімен амандасып жол беремін.

– Өзіңнен үлкен кісілер әңгімелесіп отырған кезде сен не істеуің керек?

– Үлкендердің әңгімесін бөліп, сөзге араласуға болмайды.

– Егер тығыз шаруам болса, «кешіріңдер» деп айтар едім.

– Көшеде біреу жөн немесе жол сұраса не істер едің?

– Асықпай түсіндіріп беремін.

– Автобуста, қоғамдық орындарда егде адамдарды көрсең не істеген жөн?

– Үлкен кісілерге әрдайым орын беру керек.

– Үлкен кісілермен қалай сөйлесу керек?

– Үлкен кісімен «Сіз» деп сөйлесу керек.

– Әдептілік деген не?

– Адамдардың жүріс - тұрысы мен өзара қарым - қатынасының ережелері.